

**Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидасын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 962 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1063 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2015 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 198 б ұ й р ы ғ ы .

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидасы бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын сертификаттау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 1386 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 жылғы, № 46, 472-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 1386 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 1193 қаулысы.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К.Мәсімов</i>	
Үкіметінің	Республикасы	
2011 жылғы	25	тамыздағы

## **Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидасы 1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылдың 15 шілдесіндегі Заңына және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ХААҰ) талаптарына с ә й к е с ә з і р л е н г е н .

2. Қағида аса жеңіл авиация әуе кемелерін қоспағанда, азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру тәртібін белгілейді. Осы ретте азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының сертификаты азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының нормаларына сәйкестігін куәландыратын құжат болып табылады.

Бекітілген үлгілік конструкциясы жоқ әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын сертификаттауды әуе кемелерінің пайдаланушыларын біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарта отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Ұшуға жарамдылық сертификаты: 1 ) 1 ж ы л ;

2) әуе кемесінің планерінің қызмет көрсету мерзімін әуе кемесін жасаушы бекіткен мерзімге жеке ұзартқанда, 1,5 жылдан артық емес;

3) жаңа әуе кемесіне немесе әуе кемесінің планері күрделі жөндеуден өткен кезде 2 жыл мерзіміне беріледі.

4. Ұшу жүргізумен айналысатын әуе кемелерінің осы әуе кемесі тіркелген мемлекет берген немесе таныған ұшуға жарамдылығы сертификаттары болады.

5. Осы Қағидада сертификаттардың келесі түрлерінің берілуі қарастырылады:

1) ұшуға жарамдылығы сертификаты;

2) ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификаты;

3) арнайы ұшуды орындауға рұқсат (ұшу жарамдылығының арнайы с е р т и ф и к а т ы ) ;

4) шуыл бойынша сертификаты.

6. Осы Қағидада келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы о р г а н ;

2) өтініш беруші – ұшуға жарамдылығы сертификатын, ұшуға жарамдылығының арнайы сертификатын, ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын, шуыл бойынша сертификатын алу үшін уәкілетті органға жүгінген жеке немесе заңды тұлға;

3) өтінім – өтініш берушінің азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға сертификат алу үшін берген жазбаша өтініші;

4) ұшуға жарамдылығы – әуе кемесінің қауіпсіздігі мен ұшу сапасын қамтамасыз ететін ұшу-техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін оның т е х н и к а л ы қ ж а й - к ү й і ;

5) ұшуға жарамдылығы сертификаты – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген, азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігін куәландыратын құжат;

6) үлгі сертификаты – азаматтық әуе кемесі типі конструкциясының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігін растайтын құжат;

7) арнайы ұшуды орындауға арналған рұқсат (ұшу жарамдылығының арнайы сертификаты) – әуе кемесінің ұшу сынақтарын жүргізетін немесе техникалық қызмет көрсетуін және жөндеуін жүргізетін орнына ұшуы үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген құжат;

8) ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификаты – Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығарылған, экспортқа арналған әуе кемесіне азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген құжат;

9) шуыл бойынша сертификат – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген, азаматтық әуе кемесінің жергілікті өңірдегі шуылы бойынша сәйкестігін куәландыратын құжат;

10) әуе кемелерінің пайдалану құжаттамасы – оның техникалық қызмет көрсетуі мен жөнделуін қоса, әуе кемелерінің ұшу және техникалық пайдаланылуын регламенттейтін, сондай-ақ, пайдалану шарттары мен пайдаланушылық шектеулерді қамтитын құжаттама;

11) әуе кемесінің, қозғалтқыштардың және негізгі агрегаттарының формулярлары – авиациялық техниканың атқарымын (күнтізбелік ресурсы, сағаттық ресурсы, қонулар бойынша ресурсы) және оның техникалық жай-күйін есепке алуға арналған негізгі құжаттар;

12) ұшуға жарамдылығы директивасы – жай-күйі қауіпсіз емес болып

табылатын немесе осындай жай-күй сол үлгідегі конструкцияның басқа да бұйымдарында орын алуы мүмкін, не дамуы мүмкін және қабылдануы тиіс түзету іс-қимылдарын, не осындай бұйымдарды одан әрі пайдалануға рұқсат етілетін шарттарды немесе шектеулерді ұйғаратын, авиациялық бұйымды а й қ ы н д а й т ы н қ ұ ж а т .

7. Сертификаттаудың мынадай тәртібі белгіленеді:

- 1) өтініш берушінің азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ұшуға жарамдылығы сертификатын алуға арналған құжаттармен бірге өтінім беруі;
- 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығына сертификаттық байқап тексеру жүргізуі және азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісін жасауы;
- 4) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беруі (беруден бас тартуы).

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **2. Ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру тәртібі**

8. Азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығына сертификат беру үшін осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес өтінім ресімделеді. Өтінімге мынадай қ ұ ж а т т а р қ о с а б е р і л е д і :

- 1) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және оның ұшуға жарамдылығын айқындау актісі;
- 2) егер әуе кемесі жалға алынатын болса, жалға беру шарты мен қабылдау-тапсыру актісінің көшірмелері;
- 3) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттағаны үшін алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 4) қолданылатын түрлендірулерді көрсете отырып, үлгі сертификатының көшірмесі немесе конструкцияның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін р а с т а й т ы н б а р а б а р қ ұ ж а т ;
- 5) бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасы (регламенті);
- 6) әуе кемесінің қайта жабдықталғаны жөніндегі ақпарат (қайта ж а б д ы қ т а л ғ а н ж а ғ д а й д а ) ;
- 7) жаңа әуе кемесінің үлгі сертификатына сәйкестігін растайтын әзірлеуші з а у ы т т ы ң с е р т и ф и к а т ы ;
- 8) алдыңғы пайдаланушының техникалық қызмет көрсету бағдарламасынан (регламентінен) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен жаңа техникалық қызмет көрсету бағдарламасына (регламентіне) көшу жөніндегі

қосымша жұмыстар көлемі туралы деректер;

9) орталық және жүктеме деректерді көрсете отырып, қолданыстағы құрастырудағы әуе кемесінің салмағын өлшеу жөніндегі деректер;

10) үлгілік конструкцияға жауап беретін ұйым құрастырған ең төменгі жабдықтың негізгі тізбесі бар болған жағдайда пайдаланушы құрастырған ең төменгі жабдықтың бекітілген тізбесі;

11) ұшуға жарамдылық директиваларының мәртебесі;

12) ресурстары шектеулі агрегаттардың мәртебесі;

13) орындалған түрлендірулердің мәртебесі;

Осы тармақтың 1), 11), 12) және 13) тармақшаларында көрсетілген құжаттардағы мәліметтер өтінім азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органда тіркелген күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 күн ішінде ұсынуы тиіс.

Құжаттардың барлық көшірмелері өтініш берушінің немесе ол уәкілеттік берген адамының қолымен және мөрімен куәландырылады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).**

8-1. Бұдан бұрын Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органы берген ұшуға жарамдылық сертификаты болған азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау кезінде өтініш беруші осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес өтінімді ресімдейді. Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және оның ұшуға жарамдылығын айқындау актісі;

2) егер әуе кемесі жалға алынатын болса, жалға беру шарты мен қабылдау-тапсыру актісінің көшірмелері;

3) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттағаны үшін алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) ұшуға жарамдылық директиваларының мәртебесі;

5) ресурстары шектеулі агрегаттардың мәртебесі;

6) орындалған түрлендірулердің мәртебесі.

Құжаттардың барлық көшірмелері өтініш берушінің немесе ол уәкілеттік берген адамының қолымен және мөрімен куәландырылады.

**Ескерту. Қағида 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).**

8-2. Бекітілген үлгілік конструкциясы жоқ әуе кемесінің ұшуға жарамдылығына сертификат беру өтініміне мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және оның ұшуға жарамдылығын айқындау актісі;

2) егер әуе кемесі жалға алынатын болса, жалға беру шарты мен

қабылдау-тапсыру актісінің көшірмелері;

3) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттағаны үшін алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес коммерциялық емес ұйым берген азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісі;

5) қолданылатын түрлендірулерді көрсете отырып, дана сертификатының көшірмесі;

6) бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасы (регламенті) (алғашқы беру кезінде);

7) Ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқауға сәйкес негізгі орналасқан жеріне дейін ұшуға рұқсат етілген ең төменгі жабдықтың негізгі тізбесі немесе ақаулар мен істен шыққан жерлердің тізбесі болған жағдайда, пайдаланушы жасаған ең төменгі жабдықтың бекітілген тізбесі (алғашқы беру кезінде).

Құжаттардың барлық көшірмелері өтініш берушінің немесе ол уәкілеттік берген адамының қолымен және мөрімен куәландырылады.

**Ескерту. Қағида 8-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).**

9. Құжаттар толық көлемде тапсырылмаған немесе тапсырған құжаттары осы Ережелердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, өтінімді алу сәтінен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде оларды өтініш берушіге кері қайтарады. Бұл ретте, өтініш берушіге жазбаша түрде қабылдамау себебі көрсетіліп, дәлелді жауап беріледі.

10. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын бағалау үшін осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес ұшуға жарамдылыққа сертификаттаудың үлгілік бағдарламасына сәйкес әзірленген әуе кемесінің нақты түріне арналған ұшуға жарамдылықты сертификаттау бағдарламасын қолданады.

Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттық байқап тексеру азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен сертификаттық байқап тексеру жүргізу жөніндегі мемлекеттік авиация инспекторларына арналған нұсқау материалын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

11. Өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік авиация инспекторларының сертификатталатын әуе кемесіне қолжетімділігін қамтамасыз етеді және әуе кемесінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін бағалау үшін пайдаланушы құжаттамасын көрсетеді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392**



қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Пайдаланушы құжаттамасын сараптау және әуе кемесінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін бағалау жөнінде жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісін жасайды.

Сертификаттық байқап тексеру кезінде сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның бекітуі үшін күні мен ескертулерді жою жөніндегі жауапты адамдарды көрсете отырып, түзету іс-қимылдарының жоспарын жасайды.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган түзету іс-қимылдарының жоспарын бекіткен сәттен бастап сертификаттау мерзімінің ағымы анықталған сәйкессіздіктер жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Өтініш берушінің құжаттары осы Қағиданың талаптарына сәйкес және азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісінің негізінде уәкілетті орган ұшуға жарамдылығы сертификатын беру туралы шешім қабылдайды.

Ұшуға жарамдылық сертификаты осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға өтінім берілген күнінен бастап күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімде беріледі. Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, ол жөнінде өтініш берушіге қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап күнтізбелік үш күн ішінде хабарланады.

Ұшуға жарамдылығы сертификаты қолданылу мерзімі ішінде сақталады, мерзімі біткеннен кейін мұрағатқа тапсырылады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-1. Азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығына сертификаттық байқап тексеру жүргізу үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады. Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау көрсетілген алым мемлекеттік бюджетке төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

## **2-1. Ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысын тоқтата тұру және кері қайтарып алу**

Ескерту. Қағида 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысын мынадай жағдайларда тоқтата тұрады:

- 1) әуе кемесі ұшуға жарамды күйде ұсталмайды;
- 2) авариялық-құтқару жабдығында ақау бар;
- 3) ұшуға жарамдылық сертификатының қолданыс мерзімі өтіп кеткен;
- 4) әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету мен оны жөндеу оған техникалық қызмет көрсету жөніндегі бағдарламаға (регламентке) сәйкес орындалмайды.

13-3. Ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысы тоқтатыла тұрған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган ұшуға жарамдылық сертификаты қолданысының тоқтатыла тұру себебін көрсетеді.

Ұшуға жарамдылық сертификаты тоқтатыла тұрған күннен бастап алты ай ішінде әуе кемесінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкессіздігі жойылмаған жағдайда, ол кері қайтарып алынады.

13-4. Ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысы тоқтатыла тұрған жағдайда, оны қалпына келтіруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган анықталған сәйкессіздіктерді пайдаланушы жойғаннан және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жойылған сәйкессіздіктер бойынша қосымша тексеру жүргізгеннен кейін ғана жүзеге асырады.

13-5. Ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе ол кері қайтарып алынған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган қабылданған шешім туралы пайдаланушыға және аэронавигациялық ақпарат қызметіне дереу хабарлайды.

13-6. Ұшуға жарамдылық сертификаты кері қайтарып алынған жағдайда, пайдаланушы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға құжаттың түпнұсқасын дереу қайтарады.

## **3. Арнайы ұшуды орындауға арналған рұқсатты (ұшуға жарамдылығы арнайы сертификатын) беру тәртібі**

14. Арнайы ұшуды орындауға арналған рұқсат (ұшуға жарамдылығының арнайы сертификаты) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган



қолданыста ұшуға жарамдылығы сертификаты болмаған мынадай жағдайларда:

- 1) әуе кемесіне ұшу сынақтарын жүргізу үшін;
- 2) әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу немесе қайта жабдықтау орнына және әуе кемесінің тұрақты орналасатын орнына дейін ұшып баруын орындау үшін береді.

Ұшуға жарамдылығының арнайы сертификаты ұшуды жүзеге асыру, бірақ сертификат берілген сәттен бастап 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге беріледі.

15. Арнайы ұшуды орындауы кезінде әуе кемесінің бортында жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады.

16. Арнайы ұшуды орындауға рұқсат алу үшін, өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес өтінім береді. Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) әуе кемесінің техникалық жай-күйі және осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес ұшып бару мүмкіндігі туралы қорытындысымен қоса ұшуға жарамдылығын анықтау актісі;

- 2) әуе кемесінің пайдалану шектеулері мен сәйкессіздіктері туралы мәліметтері бар анықтама.

17. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган өтінім берілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде өтініш берушіге осы Қағиданың 7-қосымшасына сәйкес ұшуға жарамдылығының арнайы сертификатын ресімдейді және береді.

Ұшуға жарамдылығының арнайы сертификаты бір жылдың ішінде сақталады және мұрағатқа тапсырылады.

#### **4. Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беру тәртібі**

18. Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын әуе кемесін Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығарғаннан кейін және шығарылғандығы туралы куәлік берілгеннен кейін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган береді. Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификаты 1 ай мерзімге беріледі.

19. Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын алу үшін өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы Қағиданың 8-қосымшасына сәйкес өтінімді мынадай құжаттарды қоса беріп ұсынады:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен әуе кемесінің шығарылғаны туралы куәлігінің көшірмесі;

- 2) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының түпнұсқасы.

20. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган өтінім берілген сәттен

бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде өтініш берушіге осы Қағиданың 9-қосымшасына сәйкес ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын ресімдейді және өтініш берушіге береді.

Ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификаты үш жылдың сақталады және мұрағатқа тапсырылады.

## **5. Шуыл бойынша сертификат беру тәртібі**

21. Шуыл бойынша сертификатты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган береді және азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының сертификатына қосымша болып табылады. Өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы Қағиданың 10-қосымшасына сәйкес шуыл бойынша сертификатты алу үшін өтінім береді.

22. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган осы Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес нысанындағы шуыл бойынша сертификатты береді.

23. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган шетел мемлекеті берген шуыл бойынша сертификатты таниды.

## **6. Ұшуға жарамдылығы сертификатының телнұсқасын беру**

24. Ұшуға жарамдылығы сертификаты бүлінген, жоғалған, ұрланған жағдайда әуе кемесін пайдалану дереу тоқтатылады. Ұшуға жарамдылығы сертификатының телнұсқасын алу үшін, өтініш беруші, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға еркін нысандағы өтінішін және өтініш берушінің жүргізген қызметтік тексеруі материалдарын жібереді.

25. Уәкілетті орган, өтініш берушінің барлық қажетті құжаттарды тапсырған сәтінен бастап 7 күн ішінде ұшуға жарамдылығы сертификатының телнұсқасын бланкіде шығарып беруді жүргізеді, оның жоғарғы оң бұрышында «Телнұсқа» белгісі қойылады.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
азаматтық                      авиациясы                      әуе                      кемесінің  
ұшуға                      жарамдылығын                      сертификаттау  
және                      сертификат                      беру                      қағидасына  
1-қосымша

## **ӨТІНІШ**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Мемлекеттік тізілімге \_\_\_\_\_ ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ болып енгізілген әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттаудан өткізуді және \_\_\_\_\_ сертификат \_\_\_\_\_ беруді \_\_\_\_\_ сұраймын.

Үлгісі \_\_\_\_\_

Әуе кемесінің мақсаты \_\_\_\_\_

Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі \_\_\_\_\_

Әуе кемесінің жасалған күні \_\_\_\_\_

Дайындаушының атауы \_\_\_\_\_

Дайындаушы мемлекет \_\_\_\_\_

Үлгі сертификаты (немесе балама құжат): \_\_\_ № \_\_\_ берілген күні \_\_\_\_\_

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефон: \_\_\_\_\_ Факс: \_\_\_\_\_

Электрондық поштаның мекен жайы (бар болса) \_\_\_\_\_

Егер ӘК пайдаланушы – жеке тұлға болса:

Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

Егер ӘК пайдаланушы – заңды тұлға болса:

Ұйымның толық атауы \_\_\_\_\_

Басшының тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, телефоны \_\_\_\_\_

3. ӘК данасының орналасқан жері \_\_\_\_\_

4. ӘК данасын жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді жүргізген техникалық қызмет көрсету мен жөндеу ұйымының атауы, мекен жайы \_\_\_\_\_

5. Әуе кемесінің ұшуы \_\_\_\_\_

- пайдалану басталғаннан бастап: \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ қонуы \_\_\_\_\_ жыл

- соңғы жөндеуден кейін: \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ қонуы \_\_\_\_\_ жыл

6. Жөндеуге дейін ресурстың қалдығы: \_\_\_ сағат \_\_\_ соңғы \_\_\_ жыл

7. Салмағы, кг \_\_\_\_\_. Орталықтау, % САХ \_\_\_\_\_

8. Әуе кемесіне түзету, өзгерту жұмыстарын жүргізген ұйым \_\_\_\_\_

9. Пайдаланудың техникалық деректеріне енгізілген, жүргізілген жетілдірудің нәтижесі болған өзгерістер көрсетілсін (егер орын алса):  
ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқау: \_\_\_\_\_

техникалық пайдалану жөніндегі нұсқау: \_\_\_\_\_

техникалық қызмет көрсету регламенті: \_\_\_\_\_

10. RVSM бойынша әуе кемесінің ұшуға жіберу туралы ақпарат: \_\_\_\_\_

11. Әуе кемесі ИКАО \_\_\_\_\_ санаты бойынша ұшуға рұқсат берілген.

12. Әуе кемесінде орнатылған радиотарату аппаратурасы бойынша

д е р е к т е р і .

13. Әуе кемесінің ұйымдастырылған тректер жүйесіндегі (OTS) рұқсаты бойынша деректер.

Қазақстан Республикасының  
азаматтық авиациясы әуе кемесінің  
ұшуға жарамдылығын сертификаттау  
және сертификат беру қағидасына

2-қосымша

Нысан  
« Б е к і т е м і н »

Пайдаланушының бірінші басшысы

-----  
( қ о л ы ,

Т . А . Ә . )

20\_\_ ж. «\_\_»\_\_\_\_\_.

### **Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау АКТІСІ**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392  
қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

М ы н а д а й құрамдағы комиссия:

Төраға \_\_\_\_\_  
(лауазымы, Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(лауазымы, Т.А.Ә.)

200\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ техникалық тексеру жүргізді  
(әуе кемесінің үлгісі және мақсаты)  
мемлекеттік және тіркеу белгілері \_\_\_\_\_ сериялық (зауыттық)  
нөмірі \_\_\_\_\_

#### **1. Әуе кемесі туралы мәліметтер:**

ӘК-нің зауыттан шығарылған күні	
Белгіленген ресурс	_____ сағ _____ қонуы _____ жыл
Пайдалану басталғаннан бері ұшуы	_____ сағ _____ қонуы _____ жыл
Жөндеу саны	_____ сағ _____ қонуы _____ жыл
Соңғы жөндеу жүргізілген күн мен орын, АЖЗ	_____ сағ _____ қонуы _____ жыл
Соңғы жөндеуден кейінгі ұшуы	_____ сағ _____ қонуы _____ жыл

Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы	_____ сағ _____ коңуы _____ жыл
Жөндеуаралық ресурс	_____ сағ _____ коңуы _____ жыл

2. АӘК-ның ресурсын ұзарту үшін негіз \_\_\_\_\_

3. Қозғалтқыш ресурсын ұзарту үшін негіз \_\_\_\_\_

4. Қозғалтқыштар мен әуе винттері туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

Қозғалтқыш/әуе Үлгісі	винті	1-ші	2-ші	3-ші	4-ші	ККО
Зауыттық нөмірі						
Пайдаланудан бері жұмысы (сағат)						
Соңғы жөндеу күні						
Соңғы жөндеуден кейінгі жұмысы						
Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы (сағат)						
Жөндеулер саны						

5. Әуе кемесі \_\_\_\_\_ көлемінде қаралған,  
(ТҚ немесе жөндеу кезеңділігінің нысаны)  
ол туралы \_\_\_\_\_ формулярына жазу енгізілген \_\_\_\_\_  
( кү н і )

6. Әуе кемесінің жасақталуы \_\_\_\_\_

7. Әуеде соқтығысудың алдын алудың борттық жүйесінің болуы \_\_\_\_\_

8. Осы акті жасалған күні орындауға міндетті осы үлгідегі әуе кемесінің барлық пысықтаулары орындалды; бекітілген құжаттамада көзделмеген үлгілік конструкцияның өзгерістері жоқ.

9. ҰПЖ өзгерістерін бекіткен ұйым, бекітілген күні \_\_\_\_\_

10. Азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйі, ұшуға жарамдылығы және Ұшуға жарамдылық сертификатын (қолданыс мерзімін ұзарту) беру мүмкіндігі туралы комиссия қорытындысы \_\_\_\_\_

Төраға: \_\_\_\_\_

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

(қолы, күні, Т.А.Ә.)

М.О.

11. Пайдаланушының инженерлік-авиациялық қызметі басшысының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы (оның ішінде қажетті жабдықтар болған жағдайда, халықаралық трассалар бойынша ұшуға)

Қорытынды: «Ұшақтың (тікұшақтың) техникалық ақауы жоқ және ол

пайдалануға жарамды» немесе «Ұшақтың (тікұшақтың) техникалық ақауы бар және ол пайдалануға жарамсыз».

Төраға: \_\_\_\_\_  
(қолы, күні, Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
(қолы, күні, Т.А.Ә.)

М.О.

Қазақстан Республикасының  
азаматтық авиациясы әуе кемесінің  
ұшуға жарамдылығын сертификаттау  
және сертификат беру қағидасына  
3-қосымша

## Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттаудың ҮЛГІЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 № 1392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Ж а л п ы м ә л і м е т т е р  
Әуе кемесі: борттық № \_\_\_\_\_ сериялық нөмірі \_\_\_\_\_  
Ұшуға жарамдылық сертификаты \_\_\_\_\_  
(кім берген, қолданылу мерзімі)

ӘК пайдаланушы/өтініш беруші \_\_\_\_\_  
ұ й ы м а т а у ы

ӘК-ті білдіретін тұлға \_\_\_\_\_  
(лауазымы, Т.А.Ә.)

Тексеру күні (к/а/ж) \_\_\_\_\_

Тексерушілердің Т.А.Ә., лауазымы, тексеру үшін негіздеме: \_\_\_\_\_

Тексеру орны \_\_\_\_\_

2. П л а н е р

Ресурстар және қызмет ету мерзімдері

Қызметтің белгіленген мерзімі:	жыл	қызметтің жөндеуаралық мерзімі (бірінші жөндеуге дейін):	жыл
Белгіленген ресурс:	ұ ш у сағаттары	жөндеуаралық мерзімі (бірінші жөндеуге дейін):	ұ ш у сағаттары
	кону		кону

--	--	--	--



ӘК шығарылған/ пайдаланыла басталған күні (с/а/ж)	соңғы жөндеу мерзімі (с/а/ж)	күрделі жөндеулер саны:	Атқарылған жұмысы	
			ПББ _____ ұшу сағаттары	
			қонулар	
			СЖК _____ ұшу сағаттары	
			қонулар	
Соңғы мерзімді ТҚ күні (с/а/ж)	ТҚ түрі:	кім орындады:	соңғы ұшу мерзімі (с/а/ж)	мерзімді ТҚ соңғы түрінен кейінгі атқарым:
				ұшу сағаттары қонулар

3 . **К ү ш** **қ ұ р ы л ғ ы с ы**  
**Ж а л ы** **м ә л і м е т т е р**

Ресурстар және қызмет ету мерзімдері

Қозғалтқыштар	1-қозғалтқыш	2-қозғалтқыш	3-қозғалтқыш	4-қозғалтқыш	ҚКҚ
Деректер					
Сериялық нөмірі					
Пайдалану басталған күн					
Соңғы жөндеу күні					
Жөндеу саны					
Белгіленген ресурс с/а					сағат/іріктеу/іске қосу
Жөндеуаралық ресурс с/а (1-ші жөндеуге дейін)					сағат/іріктеу/ іс-ке қосу
ПББ атқарылған жұмысы с/а					
СЖК атқарылған жұмысы с/а					
Соңғы кезеңді ТҚК күні, түрі					
Директиваларды және ұшуға жарамдылықта ұстау жөніндегі басқа да міндетті жұмыстарды орындау (жөндеу, бюллетеньдерді, бір реттік және әуе кемесінде өнеркәсіптің жасаған жөндеулері)					

4 . **А г р е г а т т а р**  
Ресурстар және қызмет ету мерзімдері (Әуе бұрандалары, Бас редуктор.  
Аралық редуктор. Артқы редуктор. Салмақ түсетін бұранданың төлкесі,  
қиғаштық автоматы)

Агрегаттар				
Деректер				
Сериялық нөмірі				
Пайдалану басталған күн				

Жөндеулер саны				
Соңғы жөндеу мерзімі				
Белгіленген ресурс с/а				
Жөндеуаралық ресурс (1-ші жөндеуге дейін)				
ПББ атқарылған жұмысы с/а				
СЖК атқарылған жұмысы с/а				
Соңғы кезеңді ТҚК күні, түрі				

## 5. Әуе кемесін қарап шығу және құжаттарды тексеру

P/c №	Тексеру бағдарламасы және тексерілетін элементтер		Сәйкестікті бағалау (+/-)	Сәйкессіздік позициясының нөмірі
	Тексеріс күні	ӘК түрі		
	Пайдаланушы	ӘК с/н		
1. Пайдаланушы базасындағы ӘК құжаттамасын ұшуға жарамдылық сертификатын ұзарту тұрғысынан тексеру				
2)	Формулярлардың (паспорттардың) жай-күйі және жүргізілуі			
	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті бекіткен ТҚК бағдарламасына сәйкес ТҚК орындалуының толықтығы және уақтылылығы. Орындалған ТҚК құжаттарының жай-күйі және жүргізілуі			
3)	бір мәртелік тексерулер, ADs және тиісті жазбаларды орындау			
4)	ресурстық жиынтық бөлшектерінің жұмыс істеген уақытын есепке алу, сериялық нөмірлерді салыстырып шығу (ішінара)			
5)	ӘК түрлендірулері және жөндеулері бойынша құжаттама			
2. ӘК қарап шығу және әуе кемесінің құжаттамасын тексеру				
2. Ұшқыштар кабинасы				
